

«Түймедақ» мектепалды тобының тәрбиеленушінін жарты 2025-2026 жылдың

Анықтамасы.

Тәрбиеленуші: Таңжарбаева Айназым

Туған күні: 14.03.2020 ж.

Диагноз: ИДТ, ЖТД 2-деңгейі, Мінез- құлықтағы қиындықтар - моторлы алалия. Шалқар аймақтық білім басқармасы ПМПК, № 167 қорытынды.

Берілген уақыты 04.02.2025 ж.

Балабақшаға 02.09.2025 жылы тәрбиеленуші болып қабылданды.

Баланың таным процесін анықтау барысында Павлова Н.Н., Руденко Л.Г. Керн – Йирасек тесті әдістемесі бойынша жүргізілген

Өткізілген мерзімдері: қазан айында 2025 ж.

Баланың психологиялық-педагогикалық тексеру нәтижелері бойынша:

Танымдық процестер: зейіні тұрақты, қарапайым тапсырмаларды өздігінен немесе көмектескен жағдайда орындай алады; есте сақтау мен ойлау дағдылары жасына сәйкес.

Коммуникативтік дағдылар: сөйлеу тілінің дамуы ЖТД 2-деңгейінде, моторлы алалия салдарынан шектеулі, сөздік қоры қалыптасу үстінде.

Мінез-құлық: кейде эмоционалды тұрақсыздық байқалады, әлеуметтік ережелерді түсіну мен ұстануда қиындықтар бар.

Бала түзету-дамыту сабақтарына тұрақты қатысып келеді. Осы жұмыстардың нәтижесінде танымдық процестері оң динамика көрсетті және қазіргі таңда жас ерекшелік нормасына сәйкес қалыптасқан.

Қорытынды:

Түзету-дамыту сабақтарының нәтижесінде танымдық процестерінде оң динамика бар, даму деңгейі жас ерекшелік нормасына сәйкес. Балаға әрі қарай арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау қажет.

Ұсыныс:

Балаға түзету-дамыту жұмыстарын кешенді түрде жалғастыру ұсынылады. Сөйлеу тілін дамыту мақсатында логопедпен жүйелі жұмыс жүргізу (сөздік қорын байыту, фразалық сөйлеуді қалыптастыру, артикуляциялық жаттығулар) қажет. Психологпен эмоционалдық тұрақтылығын дамыту, мінез-құлықты реттеу және әлеуметтік ережелерді меңгертуге бағытталған сабақтарды жалғастыру ұсынылады.

Педагог тарапынан оқу тапсырмаларын кезең-кезеңімен, көрнекілікке сүйене отырып беру тиімді. Ата-анасына үй жағдайында мамандардың ұсынымдарын орындап, баланың сөйлеу белсенділігін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға қолдау көрсету ұсынылады.